

М.Д. Шағырбаева

Қазақстан Республикасы,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

жалпы және этникалық педагогика кафедрасының оқытушысы,

педагогика ғылымдарының кандидаты

ҚАЗҰУ –ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ МӘРТЕБЕСІНЕ ИЕ БОЛУ ЖОЛЫНДА

Елбасы әлемдегі үздік университеттер қатарына сұранысқа ие жоғары білімді мамандар дайындайтын еліміздің де білім беру ұйымдарының кірігуін талап етіп қойған болатын. Осы бастаманың алғашқысы болып әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті білім сапасын әлемдік университеттермен теңдестіру мақсатында нәтижелі жұмыстар жүргізілуде.

Зерттеу университетінің дәстүрі тұңғыш америкалық академик Бенджамин Франклиннен бастау алады. Ол «ғылым мен білім үйлескенде ғана қуатты да әлеуетті күшке айналады» деген. Ғалымның өзі қолымен қалап, болжап кеткен болашақтың зерттеу университеті кезі келгенде жаңа технологиялық база ретінде ел бюджетіне құятын қаржылық ағынның басты көзіне айналғанды. Міне, қазіргінің зерттеу университетінде ғылыми-зерттеу және әзірлемелік өңдеулерді мемлекеттік қолдау күн санап артып келеді. Университеттік зерттеулер өз елінің әлемнің озық технологиясы дамыған елдері қатарына енуіне ықпал ететін әлеуетті күш саналады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ білім мен ғылымды ұштастыра жүргізу шараларын іске асыру мақсатында ғылыми-зерттеу институттарымен келісімшарттарға қол қойылды. Зерттеу жүргізу бағыттары анықталып, оқытушы-профессорлар құрамын, магистранттар мен докторанттарды жұмылдырудың бағдарламалары жасалды. Факультеттер мен кафедралардың және әр оқытушының жеке жұмыс жоспары айқындалып, олардың орындалуы қатаң бақылауға алынды. ҚазҰУ-дың классикалық үлгідегі оқу орнынан ұлттық зерттеу университетіне айналдырудың бағдарламасын өмірге әкелуі мұның барлығы айналып келгенде әлемдік топ - университеттердің орташа тобына енудің алғашқы қадамы. Жаңа

үлгідегі университетке айналудың бірінші ұстанымы, ол - инновацияға негізделген білім. Сонымен қатар, мұнда 24 ғылыми-зерттеу институтын шоғырландырған ғылыми инфра-құрылым бар. Елімізде барлық жоғары мектепте жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыс-тарының тең жартысы, яғни 50 пайыздан астамы – осы университет еншісінде.

Ғылыми зерттеу университеті үшін ең маңызды саналатын мына бағыттағы талаптарды атауға болады: басқару жүйесі, білім беру үдерісі және заманауи талаптарға сай ғылым жүйесі, ғылыми және ғылыми-педагогикалық мектептердің тығыз байланысы әрі тұрақты дамуы; аталған мектептердің ұлттық және әлемдік деңгейде беделінің артуы; инженерлік, гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық және жаратылыстану ғылымдары желісіндегі басым бағыттар бойынша зерттеу мамандарын даярлау; кешенді түрде ғылымаралық, пәнаралық зерттеу жүргізілетін ғылыми-зерттеу бөлімдерінің болуы. Ғылымның түрлі салаларының басын біріктіретін, ғылымның салалас ортасы тоғысатын бағытта ғылыми орталықтар мен ғылыми-зерттеу институттарында зерттеулер жүргізу – зерттеу университетінің ең басты да басым бағыты.

Қазіргі уақытта ғылыми-техникалық идеялар мен зерттеулер, жоғары технологиялар мен көп салалы ғылым өнімдері, кадрлардың интеллектуалдық және білім потенциалы - ұлтымыздың инновациялық қабілеттілігінің көрсеткіштері ретінде экономиканы тұрақты дамытудың қозғаушы күштері болып табылады. Көптеген дүниежүзі елдерінің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, білімге негізделген тиімді экономикаға көшуде әрқашанда университеттер жетекші рөл атқарған. Жоғарыда аталған шарттарды шынайы түрде жүзеге асыру үшін университет ұжымы классикалық үлгідегі оқу орнынан

ұлттық зерттеу университетіне айналуын бағдарламасын жасап шығарды.

Университеттің жетістіктері бірі Quasguarelli Symonds (QS, Ұлыбритания) агенттігі - дүниежүзі университеттері дамуының сапалық көрсеткіштерін бағалау саласы бойынша ең беделді ұйым болып табылады. Қазақ ұлттық университеті бір жыл ішінде 200 орынға жоғарылап, 401-450-ші дәрежеге енді. Осылайша ол Орта Азия ЖОО ішінде бірінші болып, орта дәрежелі топ-университеттердің қатарынан көрінді. QS рейтингісі дүниежүзінің 700 үздік университетін құрайды. Алғаш рет біздің университет бұл рейтингке 2009 жылы қатысып, 601-650-ші орында болды. Сонымен қатар білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз қазақстандық агенттік өткізетін Қазақстандағы ЖОО-ның бас рейтингісінде де ҚазҰУ бірінші орында.

Әлемде зерттеу университеттерінің қалыптасу дәстүрлері әрқалай. Мысалы, америкалық зерттеу университеттері ортағасырлық университеттің демократиялық дәстүрлерімен қатар, германиялық университеттердің прагматикалық, яғни пайда әкелу тәжірибесіне басымдық берілетін дәстүрін негізге алды. Университеттің меншігінде жер телімдерінің болуы зерттеу ошағының шаруашылық қызметіне таптырмас қор саналады. Әрбір зерттеу университетінің өзіндік басым бағыттары және соған сай даярлық қуатты базасы, әлеуетті күші және өндірістік алаңы бар. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми әлеуетінің жетімділігімен қатар, эксперименталдық базасы, өндірістік алаңы бар. Дегенмен бұл аталған салаларда ғылыми инфрақұрылымдарды шоғырландыру, ғылымның басым бағыттары бойынша ұлттық зертханалар қатарын көбейту, соған сай эксперименталдық алаңды ұлғайту секілді мәселелер – бүгінгі университет менеджерлерінің аса біліктілікпен, кәсібилікпен жүзеге асыруы тиіс міндеттері. Бұл аталған міндеттерді жүзеге асыратын – ғалымдар, әкімшілік қызметкерлер, ғылым жолындағы білім алушы жастар. Сондықтан да осынау аса жауапты сәтте адамзаттың басты

құндылықтары мен қағидаларына негізделген қазақстандық тұңғыш зерттеу университетіне үміткер білім, ғылым ордасында ізгілік аясына ұйысатын корпоративті мәдениет, рух, әдепті қалыптастыру, соған бой түзеу де басты міндеттердің біріне жатады.

Таяу арада ғана әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Зерттеу университетін қалыптастыру және оның Қазақстан Республикасының инновациялық дамуына қосатын үлесі» атты халықаралық форум болып өтті. Форумға Білім және ғылым министрлігі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, IGIP қазақ ұлттық мониторинг комитеті, қазақстандық KazSEE инженерлік білім беру қоғамы, Ұлттық инженерлік академиясы. Бұл форумға әлемнің 30 елінің 100-ден астам ғалымдар қатысты.

Форумда қатысқан қонақтар Қазақ елін Тәуелсіздіктің 20 жылдық мерекесімен құттықтай келе, «зерттеу университетіне» көшу бастамасы өте үлкен батылдық, бұл жолда зор табыстар тілейтіндіктерін айтып өтті. Модернизациялық жаңару жолында «қазақстандық зерттеу университеті» мәртебесін алуға ұмтылған жоғары оқу орындары үшін бәсекеге қабілетті ортаның қалыптасуы шығармашылық тың ізденістерге әкелетінен сенеміз.

В краткой статье проведен анализ путей трансформации Казахского национального университета имени аль-Фараби в исследовательский университет. Автором зафиксированы достижения университета в 2011 году – 401-450 место в рейтинге Quasguarelli Symonds, международный форум КазНУ и др.

In a brief article analyzes how the transformation of the al-Farabi Kazakh National University in the research university. The author of the recorded achievements of university in 2011 - ranked 401-450 Quasguarelli Symonds, an international forum and other Treasury.